

Бекітемін:

Жамбыл облысы әкімдігінің
білім басқармасы
Мойынқұм ауданының
білім бөлімінің «Балдәурен»
бөбекжай-бақшасы МКҚК
меңгерушісі
Б.Б.Төлеу



Келісемін:

Жамбыл облысы әкімдігінің
білім басқармасы
Мойынқұм ауданының
білім бөлімінің
басшысы
Ж.С.Жазықбаев



**Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының
Мойынқұм ауданы білім бөлімінің
«Балдәурен» бөбекжай-бақшасы МКҚК
жұмыстық оқу жоспары
2024-2025 оқу жылына арналған**

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Мойынқұм ауданы білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Түсінік хат

2024 – 2025 оқу жылында «Балдәурен» бөбекжай - бақшасында тәрбиелеу, білім беру қызметін : «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандартына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы «Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамызындағы №499 бұйрығы мен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы.

«Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

Мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалар 30 қазан 2018 жылғы №595 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес жоспар құрылды. Үлгілік бағдарламаның мазмұны, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, отанға деген сүйіспеншілікке, ұлттық мәдениетке қызығушылықтарын арттыру, мәдени- әлеуметтік нормаларға баулу қауіпсіз-мінез қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түрінде түрлі балалар әрекеті арқылы ұйымдастырылатын іс-әрекет өткізеді.

Мектепке дейінгі жаста мемлекеттік тілді ерте үйрену баланың жеке басының үйлесімді, дамуына халықтың дәстүрлерімен, салт-дәстүрлерімен, халық ауыз әдебиеті шығармашылығымен танысуға және қабылдауға ықпал етеді.

Күн тәртібінің әрбір сәтінің ұзақтығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің 9 шілдеде 2021 жылғы №59 бұйрығы басшылыққа алынды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурызындағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың дамыту моделі басшылыққа алынды. Аталған модельді іске асыру әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін

қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті жетілдіру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны трансформациялауға бағытталған.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың **2023-2029** жылға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі ережелеріне, білім беру саласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі өзектендірілген жұмыс.

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

-Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, қазақ тіліне үйрету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтаға, патриоттық сезіске, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауыпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі балалар әрекеті(ойын, кимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастырылған кіріктірілген сабағы. Балалардың жас ерекшелігіне ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерін жаттау, импоризация, ырғақты-музыкалық кимылдар, шулы балалар аспаптарда ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

-Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

-Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үрету, түрлі тәрбиешілер әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздік байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

-Мектеп жасына дейінгі тәрбиелеушілердің өмірін және денсаулығын қорғау

-МДҰ мен ата-аналар қауымдастығының ықпалдастығын нығайту,

«Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі»

-Экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру

«Балдәурен» - бөбекжай бақшасында Барлығы-55 бала

ересек «Күншуақ» тобында -25бала, ортаңғы «Балапан» тобында -15бала, кіші

«Құлпынай» тобында-15бала тәрбиеленуде